

Елін сүйген елбасы



1 желтоқсан – ҚР Тұңғыш Президенті күні

Әлем таныған, дарынды тұлға, іскер- саясатшы, Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев сол күннен бері 23 жыл ел басқарып келеді. Ол Қазақстанды бүгінде әлемге әйгілі мемлекет етіп, атын шығарды. Ел экономикасын түзеп, болашақта көш бастаушы елдердің қатарына қосу үшін аянбай еңбек етуде.

- Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік тұғырының беріктігі мен елдігіміздің тұтастығы Елбасымыз, егеменді еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың сарабдал саясатының арқасы екендігі баршамызға аян. Қазақстан – біртұтас жер, біртұтас халық, біртұтас болашақ десек, мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев бүкіл саналы ғұмырында Қазақстан халқының бақытты өмірі, баянды болашағы үшін бар қажыр-қайратымен еңбек етіп келеді. Өткенімізді саралай қарасақ, Елбасының сындарлы саясатының арқасында Қазақстан тайғақ кешулерден сүрінбей өтіп, беделді де абыройлы, әлемдік қауымдастық мойындаған, жедел дамудың даңғыл жолына түскен елдердің қатарына енді.



Елін сүйген елбасы

- Тәуелсіздігіміз енді ғана қолымызға тиіс, әрі қарай жүрер жолымызды, барар бағытымызды айқындап ала бастаған шағымызда-ақ Президент елдің берекесі мен қуатының бастауы - ел ішіндегі тыныштық, біртұтастық деген еді. Біз соңғы жылдары беттерін аршып, ашып, ақтара бастаған тарихымызды қауіпті де қатерлі сәттер, кезеңдер аз болмаған. Екі жүз жылға созылған қазақ-жоңғар соғысы секілді ұзақ қырғын әр халықтың тарихында бола бермеген. Сол соғысты ақыры жеңіспен аяқтап, өз елін түбегейлі азат етіп құтқарып қалған күш - қазақтардың өз ауызбірлігі, өз ішіндегі ынтымақтастығы мен тұтастығы еді.



Нұрсұлтан анасы Әлжанмен бірге

Президенттің саяси өмірбаянының бастауы:



1991 жылы 1 желтоқсанда Республика жұртшылығы тұңғыш рет Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты Республикамыздың Президенті етіп сайлады.

1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Жоғарғы сессиясы. «Тәуелсіз демократиялық және құқылық мемлекет» деп жариялады.

1992 жылы 4 маусымда жаңа мемлекеттік рәміздер Елтаңба, Ту, Әнұран бекітілді.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев (6 шілде 1940 жыл, Шамалған ауылы, Алматы облысы) — Қазақстанның мемлекет қайраткері, ғалым, Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті.

1-ші Қазақстан Республикасының Президенті

24 сәуір 1990 жылдан бастап

Ізашары:Лауазымы ұйымдастырылған

Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің төрағасы

22 ақпан — 24 сәуір 1990 жыл

Ізашары:Мақтай Сағдиев

Ізбасары:Ерік Асанбаев

Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы 22 маусым 1989 жыл — 28 тамыз 1991 жыл

Ізашары:Геннадий Колбин

Ізбасары:Лауазымы ыдыратылған

Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы 22 наурыз 1984 жыл — 27 шілде 1989 жыл

Ізашары:Бәйкен Әшімов


Ізбасары:Ұзақбай Қараманов Партиясы:Нұр Отан Діні:ислам Дүниеге келуі:6 шілде 1940 (72 жас)

Шамалған ауылы, Қаскелең ауданы, Алматы облысы, Қазақ КСР (қазіргі Қазақстан), КСРО

Жұбайы:Сара Алпысқызы

Балалары: Дариға, Динара және Әлия Назарбаева





Елде еркін жүр екенмін
Елге ерке гүл екенмін
Мәз мейрам саламын мен

Арқасында Нүрекеннің
Аяғынан тұра алатын
Күнге жетті қуанамын
Көшбасшыны көзден сақтап
Қуатты қыл Нұрағаны

Елбасымыз кемеңгер
Таязымыз тереңдер
Қазақпын деп мақтанып
Қан ойнайды денемде
Саясаттың Нүрекең
Көшін бастап жүр екен
Бағындырды биікті
Елбасымыз сүйікті

Нық ғып әр бұрышыңды
Ұлт пен әр ұлысыңды
Бірлік пен билей білген
Нұрсұлтан Әбішұлы
Төбең көк тіресін деп
Амандық тілесін тек
Ер халқың құттықтайды
Күнімен президент

Елбасымыз қыранымыз
Сізге бізден бұл әніміз
Қазақстан ұланымыз
Туымыз бір ұранымыз

Авторы: Ақмола облысы Бұланды ауданы Балуан
Шолақ атындағы мектеп – лицейінің музыка
пәнінің мұғалімі Сағидолда Серікжан



Мектептегі соңғы қоңырау

- Сол кезде оның тағы бір қыры ашылып, прагматизмге қадам басты. Теміртаудағы металлургия комбинатының құрылысына комсомолдарды жинап жатқанын білген соң, Нұрсұлтан металлург болуға бел буды. Нұрсұлтан ертерек еңсесін тіктеп, өз ахуалын жақсартып, ата-анасына, туған-туыстарына материалдық тұрғыдан көмектескісі келді. Өйткені, ол отбасындағы үлкен ұл еді. Жас Назарбаев ауқымды құрылыста жаңа үлкен өмір басталатынын, алдан жеке мүмкіндіктер мол ашылатынын қапысыз сезінді. Ол өз өміріне, өз тағдырына өзі иелік етуге бел байлап, түбегейлі шешімге бекінді.

Жастық шағы

- Теміртауға оралғаннан кейін Нұрсұлтан Назарбаев өмірбаянының «жалынды» кезеңі басталды. 1960 жылы 3 шілдеде сол кезде Қазақстан мен Орталық Азиядағы алғашқы және бірден бір домна пеші іске қосылды. Бұл Қазақстан Магниткасы – Қарағанды металлургия зауытының өмірге келген күні болып саналады. Қазақстанның алғашқы шойынын қорытуға тәжірибелі шеберлермен бірге жас металлург Назарбаев та қатысты. Ол «Қарметте» басқа да тектес мамандықтарды игеріп, құю машинасының шойыншысы, домна пешінің горновойы, домна цехының диветчері, газшысы болып жұмыс істеді. Жұмыс өте ауыр еді, кейбіреулер алапат ыстық пен қиындықта шыдамай, есінен танып, мұрындарынан қан саулап жататын. Көптеген жастар осыған төзе алмай, кетіп қалды. Бірақ Назарбаев олардың қатарынан емес еді. Ол бәріне шыдауға ант берді және шыдай біліп, жұмысты дөңгелентіп әкетті. Онымен бірге қиындықтарға төтеп берген жолдастары Төлеген Юсупов пен Болат Кәрімов те жоғары білікті металлургтерге айналды.





Назарларызға рахмет!